

Кеден одағының "Сүттің және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" (КО ТР 033/2013) техникалық регламентіне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 10 шілдедегі № 62 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 52-бабына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаның 29-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2013 жылғы 9 қазандағы № 67 шешімімен бекітілген Кеден одағының "Сүттің және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" (КО ТР 033/2013) техникалық регламентіне өзгерістер енгізілсін.

2. Ресей Федерациясы Үкіметінен Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 7 маусымдағы № 69 шешімімен бекітілген Ерікті түрде қолдану нәтижесінде Кеден одағының "Сүттің және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" (КО ТР 033/2013) техникалық регламенті талаптарын сақтау қамтамасыз етілетін мемлекетаралық стандарттарды, сондай-ақ зерттеу (сынақ жүргізу) және өлшеу қағидалары мен әдістерін, соның ішінде Кеден одағының "Сүттің және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" (КО ТР 033/2013) техникалық регламентінің талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу (өзгерістер енгізу, қайта қарау) жөніндегі бағдарламаның 170-тармағына сәйкес мемлекетаралық стандартты әзірлеуді жеделдету сұралсын.

3. Осы Өкім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 180 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения Республикасынан	Беларусь Республикасынан	Қазақстан Республикасынан	Қырғыз Республикасынан	Ресей Федерациясынан
М. Григорян	И. Петрищенко	Ө. Смайылов	Э. Асрандиев	А. Оверчук

Еуразиялық экономикалық
комиссия Кеңесінің
2020 жылғы 10 шілдедегі
№ 62 шешіміне
ҚОСЫМША

Кеден одағының "Сүттің және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" (КО ТР 033/2013) техникалық регламентіне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. 61-тармақтың "в" тармақшасындағы ауыстырылатын сөздер қазақ тілінде өзгеріссіз қалдырылсын.

2. № 1 кестедегі № 1 қосымшада:

а) атауындағы "Ішетін сүт" деген сөздерден кейін ", қайта қалпына келтірілген сүт" деген сөздермен толықтырылсын;

б) 1-графадағы позиция "қайта қалпына келтірілген сүт" деген сөздермен толықтырылсын:

3. № 3 қосымшада:

а) 1-графаданың бірінші позициясындағы ауыстырылатын сөздер қазақ тілінде өзгеріссіз қалдырылсын.

б) бірінші позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"Қайта қалпына келтірілген сүт"	мөлдір емес сұйықтық	сұйық біртекті тұтқыр емес	аздап қайнаған дәмі бар сүтке тән. Тәтті дәмі бар. Дәмі мен иісі қанықты болуы мүмкін	ақ түсті, майсыз сүт үшін - байыту үшін пайдаланылатын компоненттің түсіне қарай көкшіл реңкті бо л у ы , зарасыздандыр-ылған сүт үшін, байытылған сүт үшін – байыту үшін пайдаланылатын компоненттің түсіне қарай жеңіл ашық реңкті болуы мүмкін".
---------------------------------	----------------------	----------------------------	---	---

4. I-бөлімдегі № 8 қосымша:

а) атауындағы қазақ тіліндегі сөздер өзгеріссіз қалдырылсын;

б) 1 және 2-тармақтағы "Ішетін сүт" деген сөздер "Ішетін сүт, қайта қалпына келтірілген сүт" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. 1-кестедегі № 1 қосымша:

а) атауындағы "Ішетін сүт" деген сөздер "Ішетін сүт, қайта қалпына келтірілген сүт" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) мәтін бойынша "сүт" деген сөз "ішетін сүт, қайта қалпына келтірілген сүт" деген сөздермен ауыстырылсын.